

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі тобы арасындағы Әріптестік туралы негіздемелік келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 22 мамырдағы № 535 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі тобы арасындағы Әріптестік туралы негіздемелік келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі тобы арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасының

Үкіметінің

2014

жылғы

22

мамырдағы

№ 535

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкі тобы арасындағы Әріптестік туралы негіздемелік келісім

Бұдан әрі «Үкімет» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бұдан әрі «ИДБ тобы» деп аталатын Ислам Даму Банкін (ИДБ), Ислам Зерттеулер мен білім беру институтын (ИЗБИ), Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясын (ЖСДИК), Инвестицияларды және кредит Экспортын сақтандырудың ислам корпорациясын (ИСКЭИК) және Сауда мен қаржы жөніндегі Халықаралық ислам корпорациясын қамтитын Ислам Даму Банкі тобы, жекелеп «Тарап» және бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

#### Негізгі ережелер

1. Үкімет пен ИБР тобы 2012 жылғы қыркүйекте басталған 2012 – 2014 жж. кезеңге арналған ИБР тобына мүше елдердің Елдік әріптестік стратегиясында (бұдан әрі – ЕӘС) қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін өз ынтымақтастығын тереңдетуге ниетті.

Экономканы әртараптандыруға, тұрақты дамуға және жалпыға бірдей өсуге ерекше назар аударып отырып, осы Үкімет пен ИДБ тобы арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімге (бұдан әрі – ӘНК) кірісі төмен топтар үшін пайда әкелетін экономиканың жалпыға бірдей өсуін қамтамасыз ету мақсатын қояды. Мүше елдердің Әріптестік стратегиясына негізделген, ол келесі онжылдық ішінде Үкімет стратегияларын дамытуды қолдауда әріптестіктің іргелі әріптестік қағидаттары мен бірлескен қызметтің бағыттарын белгілейді.

2. Үкімет ИДБ тобымен көп жылдық мықты әріптестік үшін өзінің алғысын білдіреді. 1995 жылдан бастап ИДБ тобы Қазақстан үшін барлығы 1,2 млрд. АҚШ долларды мақұлдады, оның ішінде мемлекеттік сектордағы кредит түрінде 487 млн. АҚШ доллары сомасына 22 жоба, саудалық қаржыландыру түрінде құны 640 млн. АҚШ доллары болатын 12 операция және жеке секторды қаржыландыру нысанында 96 млн. АҚШ доллары сомасына 7 операция. Бұл әріптестік ауыл шаруашылығындағы, білім берудегі, қаржыдағы, көліктегі, сумен қамтамасыз ету мен кәріздендірудегі, сондай-ақ ирригациялық секторлардағы институционалдық әлеуетті өрістету бойынша сәтті инвестициялар мен жобаларды іске асыруға ауысты. Үкімет тұрақты, жалпыға бірдей өсу мен даму мүдделерінде экономиканы жедел әртараптандыруды жылдамдату және оның бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында ИДБ тобымен осы әріптестік туралы маңызды келісім негізінде қатынастар орнатуға ниетті.

3. ИДБ тобы елдің әлсіз осал ауыспалы экономикадан (екі онжылдық бұрын) бүгінгі күні кірістер деңгейі ортадан жоғары ел ретінде тез дамуына ықпал ететін Үкіметпен тығыз әріптестік қатынастарды бағалайды және Үкіметтің макроэкономикалық басқарудағы тұрақты жоғары көрсеткіштерін мойындайды. ИДБ тобының стратегиясы Үкіметтің даму саласындағы басымдықтары мен оларды іске асырудың маңыздылығын басым түрде толықтырады.

## **2-бап**

### **Ынтымақтастықтың мақсаттары мен бағыттары**

4. Осы ӘНК ЕӘС-ні басшылыққа алатын болады және:

- 1) инвестициялар, ең алдымен экономиканың шикізаттық емес секторларына  
и н в е с т и ц и я л а р т а р т у ;
- 2) жеке кәсіпкерлік пен инновацияларды дамыту;
- 3) шағын және орта кәсіпорындарды дамытуға жәрдемдесу;
- 4) Қазақстан Республикасының институционалдық және адами капиталын дамыту;
- 5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін және тұрақты өңірлік дамуды еңсеру жөніндегі шараларды жақсарту бойынша Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандыруға және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесуде Үкіметтің күш-жігерін қолдауға бағытталған.

5. ИДБ тобының жедел мақсаты ЕӘС-ке негізделген және инфрақұрылымды жаңғырту арқылы бәсекеге қабілеттілікті ұлғайтуға; экономикалық әртараптандыруды қолдауға, исламдық (балама) қаржыны ілгерілету арқылы қаржы секторын тереңдетуге, өңірлік интеграцияны қолдауға, трансшекаралық ынтымақтастықты жақсарту мен жеке секторды дамытуға бағытталған.

6. ӘНК шеңберінде ынтымақтастықтың тақырыптық салалары өзгелерден басқа:

- 1) исламдық (балама) қаржыны қоса алғанда, қаржы секторын дамытуды;
- 2) шағын және орта бизнесті дамытуды;
- 3) инфрақұрылым мен қалаларды, оның ішінде көлікті, энергетика мен суды дамытуды;
- 4) жеке секторды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуды;
- 5) өңірлік ынтымақтастық мен интеграцияны қамтиды.

7. Үкімет ИДБ тобымен және даму жөніндегі басқа әріптестермен ынтымақтастықта және олардың жәрдемдесуімен жоғарыда көрсетілген салалардың әрқайсысы үшін жалпыұлттық дамудың нақты іс-қимылдарына бағдарланған нақты даму бағдарламаларын әзірлейтін болады.

### **3-бап**

#### **Іске асыру**

8. Жалпыұлттық даму бағдарламаларын іске асыруға шамамен 500 млрд. теңге қолдау табады, оны осы Үкімет ӘНК-нің 6-тармағында көрсетілген жалпыұлттық даму бағдарламаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөледі.

9. ИБД тобы ЕӘС шеңберінде және оның құралдары арқылы:

- 1) бағдарламалар мен жобаларды жобалау мен әзірлеуге техникалық көмек көрсетуді;
- 2) мемлекеттік және жеке секторды қаржыландыруды (Үкіметтің сұратуы бойынша және ИДБ тобы тиісті құрылымының басшылығы мен директорлар кеңесі мақұлдаған жағдайда, индикативтік инвестициялық қоржын 2 миллиард АҚШ долларын құрайды);
- 3) оқытуды, әлеуетті дамыту мен біліммен алмасуды;
- 4) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолдауды;
- 5) елде жеке инвестицияларды қолдау үшін қаржы ресурстарын қолдануды;
- 6) саудалық қаржыландыруды, инвестициялар мен экспорттық кредиттерді сақтандыруды;
- 7) даму бойынша басқа әріптестермен және акционерлермен үйлестіруді қамтамасыз етеді.

10. Даму бағдарламаларын іске асыру үшін Үкімет қажет болған жағдайда

өзгелерден басқа өңірлік дамуға, инфрақұрылымға, венчурлік капиталға, энергия тиімділігі мен шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталуы мүмкін арнайы мақсаттағы қорлар құру туралы мәселені қарай алады.

#### **4-бап**

##### **Институционалдық тетіктер**

11. Үкімет оның ішінде, бірақ Үкімет пен ИДБ тобының өкілдерімен шектелмей, саясаттың түйінді басты бағыттарын шолуды және қадағалау функцияларын жалпы іске асыруды орындайтын, сондай-ақ шешімдерді қабылдаудың тиімді процесіне жәрдемдесуге бағытталған ӘНК-ні іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесін құрады. Мұндай Үйлестіру кеңесінің құрамы мен ерекше функциялары мүдделі Тараптармен консультациялар кезінде айқындалатын болады.

12. Үкімет оның министрліктерінің/ведомстволарының қатысуымен әрбір жалпыұлттық бағдарламаның іске асырылуын үйлестіретін іске асыру жөніндегі бөлімнің бөлімшелерін қалыптастырады.

Мұндай бөлімшелердің құрамы мүдделі Тараптармен консультациялар кезінде айқындалатын болады.

13. Осы ӘНК Қазақстан үшін қолданыстағы ЕӘС (2012-2014) және ЕӘС-тің екінші кезеңіне қосымша ретінде Үкімет пен ИДБ тобы арасындағы ынтымақтастықтың негізгі құрылымы ретінде қызмет ететін болады.

14. Тараптар осы ӘНК шеңберінде бірлескен жобалар мен бағдарламаларды бағалау үшін бірлескен күш-жігерді қолданатын және олардың жүзеге асырылуына кедергі келтіретін жүйелік мәселелерді шешу жөніндегі шараларды айқындайтын болады.

#### **5-бап**

##### **Жалпы мәселелер**

15. Тараптар осы ӘНК Тараптар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту тетіктерін айқындауға бағытталғанымен және қандай да бір жобаға немесе белгілі бір қызметке қолдау көрсету бойынша Тараптардың кез келгенінің келісімдерін немесе міндеттемелерін қамтымайтынымен келіседі.

Нақты бағдарламаны немесе қызметті кез келген қолдау Тараптардың тиісті заңнамалық базасы мен мәртебесінің негізінде нормативтік құқықтық база мен келісімдерге сәйкес қажетті келісу рәсімдерінің мәні болады.

16. Тараптар осы ӘНК-ні іске асыруға байланысты туындауы мүмкін кез келген дауды бейбіт шешуге ұмтылатын болады.

17. Осы ӘНК-нің 6-тармағында көрсетілген даму бағдарламаларын іске асыру барысында Тараптар даму жөніндегі басқа әріптестермен және акционерлермен кеңейтілген ынтымақтастық пен өзара іс-қимылға ұмтылатын болады.

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ислам Даму Банкі  
тобы үшін*

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұдан әрі келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні қоса берілген.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ